«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Т. Рысқұлов ауданы,
Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ РАЙОНА
Т. РЫСКУЛОВА УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

Район Т. Рыскулова,
село Кулан, улица Жибек жолы 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

10.11.2026 № 21-02-1992

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөліміне қарасты
мектеп директорларына

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының 2026 жыл 05 қарашадағы №01-03/1126 хатына сәйкес Астана қаласы әкімдігінің әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Ыбырай Алтынсариннің туғанына 185 жыл толуына орай **«Ағартушылық мұра: идея, сабақтастық, инновация»** республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтетіндігі туралы хатын ақпарат ретінді жолдайды.

Қосымша: 5 парақ тіркеледі.

Басшының міндеттерін
уақытша атқарушы **А.Базаркулова**

Орындаған: А.Кариева
Тел. 87476118932

«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
№ 01-03/1426
«05» 11 2026

Жамбыл облысы әкімдігінің
білім басқармасының
аудандар мен Тараз қалалық
білім бөлімдерінің басшыларына

Білім басқармасына
қарасты мекемелердің
директорларына

Облыстық оқу-әдістемелік орталығы Астана қаласы әкімдігінің әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Ыбырай Алтынсариннің туғанына 185 жыл толуына орай **«Ағартушылық мұра: идея, сабақтастық, инновация»** республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтетіндігі туралы хатты ақпарат ретінде жолдайды.

Өтетін күні: 28.11..2026 жыл., сағ. 08.30-12.30.

Өтетін орны: Астана қаласы, Ы.Алтынсарин атындағы Binom School мектеп-лицейі, Төле би көшесі 42.

Қосымша: 4 парақта.

Басшы **Ш.Усерова**

А.Нурмолдасва
87479306557

"ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
КІРІС № 2084
5 11 2026

Сканировано с CamScanner

« 23 » қазан 2026 ж.
№1527 хатқа қосымша

«АҒАРТУШЫЛЫҚ МҰРА: ИДЕЯ, САБАҚТАСТЫҚ, ИННОВАЦИЯ»
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Ереже Ыбырай Алтынсариннің туғанына 185 жыл толуына арналған «Ағартушылық мұра: идея, сабақтастық, инновация» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясын (бұдан әрі – конференция) ақылы ұйымдастыру, өткізу, қатысу және қорытындылау тәртібін айқындайды.
1.2. Конференция Ы. Алтынсариннің ағартушылық-педагогикалық идеяларын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан зерделеуге, олардың қазіргі білім беру тәжірибесіндегі сабақтастығын айқындауға және педагогтердің нәтижелі тәжірибесін таратуға бағытталады.
1.3. Конференция аясында Ы. Алтынсарин атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің «Ыбырай алауы – Altynsarin Talks» авторлық жобасы таныстырылып, педагогтер «Pedagogical Talks» педагогикалық идеялар алаңында тәжірибе алмасады.
1.4. Ұйымдастырушылар, өтетін күні, орны туралы ақпарат хатта нақтыланады.

II. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. **Мақсаты:** Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық мұрасын ғылыми тұрғыдан зерделеу, педагогикалық идеяларының қазіргі білім беру үдерісіндегі сабақтастығын айқындау, инновациялық педагогикалық тәжірибелерді таныстыру, кәсіби тәжірибе алмасу және озық тәжірибелерді тарату.
2.2. **Міндеттері:**

- Ыбырай Алтынсарин мұрасының қазіргі білім беру жүйесіндегі ғылыми-педагогикалық маңызын ашу;
- ұлттық құндылықтар, тәрбие және сапалы білім сабақтастығын талқылау;
- педагогтердің зерттеушілік мәдениетін, кәсіби көшбасшылығын және тәжірибе тарату әлеуетін дамыту;
- оқытудағы тиімді әдістемелер, функционалдық сауаттылық, инклюзивті тәжірибе және жасанды интеллектіні қолдану бойынша шешімдер ұсыну;
- «Ыбырай алауы – Altynsarin Talks» жобасын таныстыру және оны бейімдеп қолдану мүмкіндіктерін талдау;
- республикалық, өңіраралық кәсіби ынтымақтастықты нығайту.

III. ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАТЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

3.1. Өту нысаны: онлайн, офлайн
3.2. Өту форматы: пленарлық отырыс, тәжірибе алмасу алаңы секциялық жұмыстар түрінде өткізіледі.
3.3. Пленарлық отырыста ағартушы мұрасының өзектілігі, ғылыми пайымдар, педагогикалық тәжірибенің басым бағыттары бойынша баяндамалар тыңдалады.
3.4. Тәжірибе алмасу алаңы Talks форматында ұйымдастырылады. Бұл алаңда қатысушы өзінің педагогикалық тәжірибесі мен авторлық идеяларын таныстырып, тәжірибе алмасады.

VI. КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК, ӘДІСТЕМЕЛІК БАҒЫТТАРЫ

Қатысушы конференция бағытының бірін таңдап, оның мазмұнына сәйкес баяндама тақырыбын дербес айқындайды. Ұсынылатын жұмыс қатысушының педагогикалық тәжірибесіне, нақты нәтижелеріне және әдістемелік тұжырымдарына негізделуі тиіс.

Бағыттар:

- Ыбырай мұрасы және ұлттық ағартушылық сабақтастығы: ағартушылық идеялардың қазіргі білім мазмұнындағы көрінісі, ұлттық құндылықтар, тіл, оқу мәдениеті және тәрбие
- Сапалы білім және оқушының функционалдық сауаттылығы: оқу сауаттылығы, сыни ойлау, дербес білім алу, білімді өмірлік жағдаяттарда қолдану.
- Еңбек, кәсіп және өмірге бағдарланған білім: еңбек тәрбиесі, STEM, жобалық оқыту, кәсіптік бағдар, қаржылық сауаттылық.
- Педагогикалық жаңашылдық және жасанды интеллект: оқыту мен бағалаудың тиімді әдістері, ЖИ-ді мақсатына сай пайдалану, цифрлық және медиасауаттылық.
- Қолжетімді білім және мектеп мәдениеті: инклюзивті орта, тең мүмкіндік, қауіпсіздік, ынтымақтастық және педагогикалық қолдау.
- Мұғалім көшбасшылығы және авторлық педагогикалық идея: педагогтің кәсіби дамуы, зерттеу тәжірибесі, тәлімгерлік, авторлық жобаларды енгізу және тарату.
- Ұлттық құндылықтар және біртұтас тәрбие: ұлттық тәрбие, рухани-адамгершілік құндылықтар, азаматтық жауапкершілік және тәрбие мен оқытудың сабақтастығы.

V. ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

5.1. Конференцияға жоғары оқу орындарының ғалымдары, мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшылары, басшы орынбасарлары, педагогтері, ғылыми қызметкерлері, білім беру саласының мамандары қатыса алады.

5.2. Баяндамалар мен ұсынылатын басқа да материалдар авторлық сипатта, тақырыпқа сай, дерекке негізделген және академиялық адалдық талаптарына сәйкес болуы тиіс.

VI. БАЯНДАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1. Баяндаманы қорғау уақыты – 7-10 минут.

6.2. Баяндама мәтінін рәсімдеу талаптары: парақ көлемі – А4 форматында 5–6 бет; қаріп түрі – Times New Roman; қаріп өлшемі – 14; жоларалық интервал – 1,5; мәтінді туралау: абзац шегінісі – 1,25 см; бет жиектері: сол жақ – 3 см, оң жақ – 1,5 см, жоғарғы және төменгі жақтары – 2 см.

6.3. Баяндама құрылымы:

1. Өзектілігі – тәжірибеде анықталған мәселе және оны шешудің қажеттілігі.
2. Мақсаты – ұсынылатын педагогикалық тәжірибенің мақсаты мен күтілетін нәтижесі.
3. Тәжірибелік мазмұны – қолданылған әдіс-тәсілдер, авторлық идеялар және оларды іске асыру жолдары.
4. Нәтижелілігі – тәжірибенің тиімділігін растайтын нақты деректер, оқушы жұмыстары, салыстырмалы көрсеткіштер мен дәлелдер.
5. Қорытынды – тәжірибенің практикалық құндылығы және оны басқа білім беру ұйымдарында қолдану мүмкіндігі.

6.4. Баяндама Talks форматында қорғау тәртібі: мәселені қою (1 минут); Ыбырай идеяларымен немесе бағыт тақырыбымен сабақтастыру (1 минут); негізгі идея мен дәлел (4 минут); тәжірибе және нәтиже (3 минут); қорытынды ұсыныс (1 минут).
6.5. Сөз мазмұнының бір нақты идеяға құрылып, оның өзектілігі, қолдану жолы және күтілетін не қол жеткізілген нәтижесі айқын көрсетілуі талап етіледі.
6.6. Баяндаманы сараптау өлшемдері:

- идеяның өзектілігі мен жаңалығы;
- Алтынсарин мұрасымен немесе конференция бағытымен мазмұндық байланысы;
- ғылыми-әдістемелік негізділігі;
- тәжірибелік дәлелдері мен нәтижелілігі;
- құрылым, ой айқындығы және сөйлеу мәдениеті;
- қорытынды ұсыныстың қолданбалы құндылығы.

6.7. Презентация, фото, бейне және өзге материалдар пайдаланылған жағдайда дереккөздер мен авторлық құқық сақталуы керек. Оқушылардың дербес деректерін пайдалануға тиісті рұқсат алынуы керек.

VII. ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ІРІКТЕУ

7.1. Қатысушы Өтініш және баяндамасын (1-қосымша) 24 қарашаға дейін zh.mamanova@astana-modern.edu.kz эл.поштасына жібереді.
7.2. Ұйымдастыру комитеті өтініш және баяндама жұмыстарын тақырыптық сәйкестік, мазмұнның нақтылығы, ғылыми-әдістемелік негізділік, тәжірибелік маңыз және авторлық ерекшелік бойынша қарайды. Талапқа сай орындалмаған жұмыстар қабылданбайды.

VIII. ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРДІ ТАРАТУ

8.1. Конференция материалдары жинақталып, жинақ 10 жұмыс күні ішінде Әдістемелік орталықтың (https://astana-modern.edu.kz/) сайтында жарияланады.
8.2. Қатысушыларға ұйымдастыру комитетінің шешіміне сәйкес ұйымдастырушы Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК атынан Сертификаттар және үздік жұмыстарға арнайы Алғыс хаттар беріледі. Онлайн қатысқан қатысушыларға бір жұмыс күні ішінде электронды түрде жіберіледі.
8.3. Конференцияға қатысу арқылы қатысушы өз баяндамаларын, ұсынылған материалдарын, фото және бейнежазбаларын ұйымдастырушылардың ақпараттық ресурстарында жариялауға және таратуға келісім береді.

Семинар ақысы: 6000 теңге
Төлем реквизиті
ЖСН/БСН: 990 840 001 546
ЖСК: KZ88722S000037444817
БСК: CASPKZKA
КБЕ: 16
Ақы төлеу сілтемесі:
https://kaspi.kz/pay/CoursesUniversal?subservice_id=18224&region_id=19&started_from=share

Анықтама телефоны: +77078248221; 87785086514; 87475540385

1-қосымша

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы С. Дауешоваға (білім беру
ұйым атауы, басшысы атынан)

Өтініш

Ыбырай Алтынсариннің туғанына 185 жыл толуына арналған «Ағартушылық мұра: идея, сабақтастық, инновация» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына кестеде мәліметі берілген педагогті қатыстыруыңызды сұраймын.

№	Мәліметтер	Толтырылатын ақпарат
1	Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (құжат бойынша толық)	
2	Облысы, қаласы (ауданы)	
3	Білім беру ұйымының толық атауы	
4	Лауазымы, оқытатын пәні	
5	Баяндама тақырыбы	
6	Конференцияның тақырыптық бағыты	
7	Қатысу нысаны (офлайн / онлайн)	
8	Байланыс телефоны (whatsapp)	
9	Электрондық пошта мекенжайы	

(ұйым мөрі, басшы қолы) 0. 000000 (басшы аты тегі)

Ескертпе: Өтінім білім беру ұйымының ресми бланкісінде, басшының қолымен және ұйымның мөрімен расталып, PDF форматында жіберіледі. Қатысушылар тізімін қалыптастыру үшін өтінімнің өңделетін Word нұсқасы да қоса ұсынылады.